

Қорғаныс мұқтажы үшін жер учаскелерін беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1125 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 13-бабының 3) тармақшасына және 105-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысының елді мекен жерлері санатынан «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері 5511 әскери бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жер учаскелері қорғаныс мұқтажы үшін тұрақты жер пайдалану құқығында берілсін.

2. Шығыс Қазақстан облысының әкімі мен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қ а б ы л д а с ы н .

3. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері 5511 әскери бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес алаңы 7,0 гектар жайылымдық алқаптарды ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсатта пайдалану үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын алып қоюдан туындаған ауыл шаруашылығы өндірісінің шығынын республикалық бюджет к і р і с і н е ө т е с і н .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

3 1

т а м ы з д а ғ ы

№

1 1 2 5

қ а у л ы с ы н а

қосымша

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері 5511 әскери бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қорғаныс мұқтажы үшін тұрақты жер пайдалану құқығында берілетін жер учаскелерінің экспликациясы

р/с №	Жалпы алаңы, га	Оның ішінде		Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты
		жайылым	басқа жерлер		

1.	7,0	7,0		Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы, Жанғызтөбе кенттік округі, Жанғызтөбе кенті	Атыс орнын салуға және қызмет көрсету үшін
2.	2,09		2,09	Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы, Жанғызтөбе кенттік округі, Жанғызтөбе кенті	Казармаға қызмет көрсету үшін
	9,09	7,0	2,09		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК